

Шаруа немесе фермерлік қожалығын, немесе тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін азаматтарға, мемлекеттік емес заңды тұлғаларға, шетел азаматтарына, азаматтығы жоқ адамдарға және шетелдік заңды тұлғаларға жеке меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерінің ең аз көлемдері туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2009 жылғы 20 қарашадағы № 9бр қаулысы және Қостанай облысы мәслихатының 2009 жылғы 20 қарашадағы № 235 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 31 желтоқсанда № 3701 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 471 шешімімен және Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 6 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 11.12.2015 № 471 шешімімен және Қостанай облысы әкімдігінің 11.12.2015 № 6 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасы мен 27-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 50-бабы 5-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерінің Қостанай облысының бір әкімшілік ауданының (қаласының) шегіндегі ең аз көлемдері белгіленсін, о л а р :

1) жеке меншік құқығымен Қазақстан Республикасы азаматтарына шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін мемлекеттен сатып алу шартымен немесе уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) беру құқығымен, аудандар (қалалар) бөлігінде, қосымшаға сәйкес;

2) жеке меншік құқығымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына және олардың үлестес тұлғаларына тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін мемлекеттен сатып алу шартымен немесе уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) беру құқығымен, аудандар (қалалар) бөлігінде, қосымшаға сәйкес;

3) уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) беру құқығымен, 10 жылға дейінгі мерзімге, шетелдік азаматтарға, азаматтығы жоқ адамдарға және

шетелдік заңды тұлғаларға тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін, аудандар және қалалар бөлігінде, қосымшаға сәйкес беріледі.

2. Осы Қостанай облысы әкімдігінің қаулысы және Қостанай облыстық мәслихатының шешімі алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

С. Кулагин

Сессия төрағасы

Е. Темірбаев

Қ о с т а н а й

о б л ы с т ы қ

мәслихатының хатшысы

Ғ. Сағиев

КЕЛІСІЛДІ

*"Қостанай облысы әкімдігінің
жер қатынастары басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің бастығы*

А. Мәдиев

Ә к і м д і к т і ң

2009 жылғы 20 қарашадағы

№ 9бр қаулысына және мәслихаттың

2009 жылғы 20 қарашадағы

№ 235 шешіміне қосымша

Қостанай облысының бір әкімшілік ауданының (қаласының) шегіндегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерінің ең аз көлемдері

Р/с №	Ауданның (қаланың) атауы	Жеке меншік құқығымен немесе уақытша қайтарымды жер пайдалану құқығымен (жалға) берілетін жер телімінің ең аз көлемі, гектармен			
		Қазақстан Республикасы азаматтарына немесе шаруа фермерлік ұжымдары үшін қожалығын жүргізу үшін		мемлекеттік емес заңды тұлғаларға және олардың үлестік тұлғаларына тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	
		Барлығы	оның ішінде суармалы	Барлығы	оның ішінде суармалы
1	2	3	4	5	6
1	Алтынсарин	34	1	60	1
2	Амангелді	230	1	1200	1
3	Әуликөл	47	1	790	1
4	Денисов	42	1	380	1

5	Жангелдин	340	1	4000	1
6	Жітіқара	50	1	330	1
7	Қамысты	80	1	730	1
8	Қарабалық	30	1	240	1
9	Қарасу	43	1	400	1
10	Қостанай	34	1	50	1
11	Мендіқара	22	1	110	1
12	Науырзым	100	1	610	1
13	Сарыкөл	31	1	270	1
14	Таран	40	1	50	1
15	Ұзынкөл	55	1	80	1
16	Федоров	28	1	320	1
17	Қостанай қаласы	28	1	40	1
18	Арқалық қаласы	120	1	140	1

Таблицаның жалғасы

Уақытша қайтарымды жер пайдалану құқығымен (жалға) 10 жылға дейінгі мерзімге берілетін жер телімінің ең аз көлемі, гектармен			
шетелдік және азаматтарға және азаматтығы жоқ адамдарға тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін		шетелдік тұлғаларға тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	
Барлығы	оның ішінде суармалы	Барлығы	оның ішінде суармалы
7	8	9	10
34	1	60	1
230	1	1200	1
47	1	790	1
42	1	380	1
340	1	4000	1
50	1	330	1
80	1	730	1
30	1	240	1
43	1	400	1
34	1	50	1
22	1	110	1
100	1	610	1
31	1	270	1
40	1	50	1
55	1	80	1
28	1	320	1

28	1	40	1
120	1	140	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК